



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СӘУЛЕТШІЛЕР ОДАҒЫНЫҢ КУАЛА-ЛУМПУРДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМЫ, 2024

2024 жылғы 14-17 қараша аралығында Малайзия астанасы Куала-Лумпурда Халықаралық Сәулетшілер Одағы (ХСО) мен Малайзия Сәулетшілер Институтының (РАМ) ұйымдастыруымен халықаралық сәулетшілер форумы өтті. Іс-шараның тақырыбы — «DIVERSECITY», яғни екі сөздің қосындысы: «әртүрлі» және «қала». Форумда урбанистикалық дизайнға әртүрліліктің терең мағынасы, атап айтқанда, мәдени, әлеуметтік және экологиялық инклюзивтілік мәселелері талқыланды. Форумның мақсаты — сәулет саласындағы мамандардың әлемдік деңгейдегі ұжымдық диалогын ұйымдастыру. Қатысушылар қазіргі экономикадағы, экологиялық және әлеуметтік өзгерістердегі, сондай-ақ сәулет, дизайн және урбанизмнің рөлін дамыту жөніндегі мәселелерді талқылап, жаңа идеялар ұсынды. Мұндай маңызды форумдарға мамандардың қатысуы, өзекті ақпарат алу, пайдалы байланыстар орнату сәулет саласындағы кәсіпқойлар үшін аса маңызды.
ҚР СО Басқарма мүшесі Айдар Тәтіұлов

Форумда көтерілген тақырыптар:

- Қаладағы мәдениет көрінісі;
- Мәдени қарым-қатынас жасауға арналған кеңістік пен орын;
- Сәулеттегі мәдени сезімталдық;
- Саясат пен қаладағы алуан түрлілікті басқару;
- Қалпына келтірілген кеңістіктерде мәдени нарративтерді қайта ойластыру;
- Адам мен табиғатқа қамқорлықпен қарап, жобалау;
- Адамға бағытталған сәулет – болашақ ұрпақтар үшін жобалау.



130 елден
100000 келуші

1500 делегат
150 стэнд
50+ спикер



UIA2024KL форумы сәулет тұрғысынан мәдени бірегейлікті түсінуге және оның заманауи қалалардың әртүрлілігінде қалай көрініс табатынына арналған алаңға айналды. Форум қалаларды жобалаудың маңыздылығы туралы жанандық диалогты жалғастыруға мықты негіз қалады. Қалаларды жобалау әртүрлілікті дәріптеп, әлеуметтік ынтымақтастықты нығайтуға және тұрақтылықты ілгерілетуге ықпал етеді. Малайзияның Халықаралық Сәулетшілер Одағының (ХСО) жетекшілігімен және Pertubuhan Akitek Malaysia (PAM) ұйымының рөлімен тұрақты ынтымақтастықтың маңыздылығы ерекше аталып өтті. Сонымен қатар, форум инновациялардың және заманауи қалалардың трансформациясында алдыңғы қатарлы технологияларды енгізудің маңыздылығын көрсетті. Келесі форумды 2027 жылы Мумбаида «Қалалық регенерация» тақырыбында өткізу ұсынылды. ХСО Бас Ассамблеясы бұл ұсынысты мақұлдады.


КӨРМЕ

ARCHIDEX көрмесі, 2024 жылдың 15-17 қарашасы аралығында UIA2024KL Форумы аясында өтті, оған әлемнің түрлі елдерінен келген сәулетшілер, дизайнерлер және құрылыс материалдарын өндірушілерді қоса алғанда, 10 000-ға жуық қатысушы жиналды. Стендтерде сәулет жобалау, құрылыс материалдарын өндіру, энергия үнемдеу технологиялары, ақылды қалалар және интерьер дизайны, қазіргі заманғы сәулет үшін инновациялар мен шешімдердің кең ауқымын көрсету үшін түрлі салалардан келген компаниялар ұсынылды.



СПИКЕРЛЕР

<p>Тақырыбы: «Адамдар мен табиғат мүдделерін ескере отырып жобалау»</p> <p>Кай-Уве Бергманн Bjarke Ingles Group</p>	<p>Тақырыбы: «Сәулеттегі мәдени сезімталдық»</p> <p>Ван Шу Amateur Architecture Studio</p>	<p>Тақырыбы: «Қалалық ортадағы мәдени иконография»</p> <p>Роланд Шницер Foster + Partners</p>	<p>Тақырыбы: «Қалпына келтірілген кеңістіктерде мәдени нарративтерді қайта ойластыру»</p> <p>Лоуренс Ло Architec LLA</p>
<p>Тақырыбы: «Сәулеттегі мәдени сезімталдық»</p> <p>Сиа Чи Хуан DP Architects</p>	<p>Тақырыбы: «Қалалық ортадағы мәдени иконография»</p> <p>Кеннет Йенг TR Hamzah Yeang</p>	<p>Тақырыбы: «Қалпына келтірілген кеңістіктерде мәдени нарративтерді қайта ойластыру»</p> <p>Карл Фендер Fender Katsalidis (Aust) Pty Ltd</p>	<p>Тақырыбы: «Қалпына келтірілген кеңістіктерде мәдени нарративтерді қайта ойластыру»</p> <p>Омар Деган DO Architecture Group</p>



КУАЛА-ЛУМПУР ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

Форумның маңызды нәтижесі РАМ және ХСО өкілдерінің «Адамдар қала және аумақтық дамудың ортасында» атты Куала-Лумпур декларациясына қол қоюы болды. Бұл құжат қалалардың мәдени өзара әрекеттесуінің динамикалық орталықтары ретіндегі рөлін және олардың теңдестірілген және тұрақты өмір сүру ортасын қамтамасыз ету жауапкершілігін растайды, сәулет практикасы мен қалалық жоспарлауда инклюзивтілік, тұрақтылық және мәдени әртүрлілікті құрметтеу қажеттілігіне баса назар аударады. Сондай-ақ, декларация дәстүрлі білімдер мен заманауи инновацияларды біріктіруге шақырады. Бұл қалалық кеңістіктерді үйлесімді әрі тұрақты етіп қалыптастыруға ықпал етеді.

Куала-Лумпур декларациясының негізгі қағидалары:

1. **Инклюзивтілік** – әлеуметтік бірлікті, қолжетімділікті қамтамасыз ететін және мәдени әртүрлілікті қамтитын қалаларды құру.
2. **Дәстүр мен инновацияның тепе-теңдігі** – тұрақты даму үшін мұрағатты сақтай отырып, заманауи технологияларды енгізу.
3. **Мамандыққа тең қолжетімділік** – инклюзивті білім беру мен ашық кәсіби мүмкіндіктерді қолдау.

Бұл қағидалар адамдық қадір-қасиет, экологиялық жауапкершілік және мәдени болмыс барлық шешімдердің басына қойылып, тұрақты әрі әділ қалалық ортаны құруға бағытталған.

